

*Е. Жунисбеков*

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ИНСТИТУТТАРДЫҢ РӨЛІ (ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ МЫСАЛЫНДА)

«Қырғи қабақ соғыстың» аяқталуы белгілі бір деңгейде әлемде этникалық сепаратизмнің өсуін, бір қатар конфликтілердің таралуын қоздырды және перманентті тұрақсыздықты тудырды. Халықаралық қатынастарда бұл жаңа кезең кейбір саясаткерлермен «суық әлем» деп өте әділетті аталған, бұл екі жақты деңгейде, аймақтық пен әлемдік, оқиғалардың дамуымен толық дәлелденеді. Өкінішке орай, әлем бейбіт және қауіпсіз болмады. Керісінше: ол қатты, тіпті қатыгез және әсіресе қауіпті болжамсыз болды. 2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-та болған оқиға, Ауғанстандағы, Ирактағы оқиғалардың дамуы – бұған нақты дәлел.

Болып жатқан оқиғалардың контекстінде әр түрлі аймақтардың елдері қазіргі талаптарға жауап беретін берік және аймақтық қауіпсіздіктің ынғайлы жүйесін құруға ұмтылысы ерекше мәнге иемденуде. Мұндай жүйенің қалыптасуына он жылдан да көп уақыт кетпек, мүмкін, саясаткерлердің бірнеше буынының өмірі. Дегенмен оны құру – өзекті проблема және біздің пікірімізше қазіргі әлемде өркендетті өмір сүрудің дұрыс жолы.

Орталық Азия елдері тәуелсіздік алған сәттен бастап қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы қауіптеріне төтеп бере алатын жүйені құруға кірісті. Тәуелсіз даму жылдары аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруда үлкен проблемалар мен қарама-қайшылықтар бар екендігін көрсетті. Он жарым жыл өткеннен кейін, біз аймақтық қауіпсіздік жүйесі толық қалыптасты деп айта алмаймыз. Тек алғашқы қадамдар ғана жасалды. 2001 жылы маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) құрылуы – осы қадамдардың бірі.

«Шанхай бестігі» ШЫҰ-на айналмастан бұрын өзінің алдына қойылған Қытай және онымен шектесетін КСРО бұрынғы республикалары арасында шекаралық түзету міндеттерін негізінде толық шешті. Қатысушы-елдермен көп жақты қатынастардың маңызды позитивті тәжірибе жиналды және эффективті жұмыс істейтін механизмнен бас тарту ақылсыз болар еді. Сонымен қоса Орталық азиялық аймақта жағдай өзгерді және жаңа геосаяси міндеттерді шешуді талап етті. Анда-санда туындайтын дәстүрлік емес қатардағы қазіргі қауіптерге қарсы тұру үшін елдердің бірігуі қажеттілігі туды. Демек, ШЫҰ көп жылдың ішінде бірінші рет аймақтық құрылым болып табылды. Ол прагматикалық мақсаттармен

байланысты бірікті. ШЫҰ-на кіретін әрбір ел, ұйым оларға өздерінің индивидуалды міндеттері мен проблемаларын шешу үшін ұжымдық рычагтарды қолданудың үлкен мүмкіндіктерін береді деп санады.

Осымен қоса, Орталық Азия – бұл әлемнің көп мемлекеттер мүдделерінің қиылысқан жері және аймаққа ықпал ету үшін күрес қатты және ұзақ болмақ. ШЫҰ кіретін екі мықты қазіргі державалар бұл күресте негізсіз емес белсенді ойыншылар болады. Ұйымның құрылуы, оның құрамына Орталық Азия елдерінің өздері де кіреді, оларға өзінің геосаяси және бастысы – геэкономикалық міндеттердің ішінен және әлде-қайда эффективті шешуге көмектеседі.

Бұл тезиске жанама дәлел – Үндістан мен Пәкістанның ШЫҰ-на қатысушысы болуға ұмтылысының жеткілікті жоғарғы деңгейде айтылуы.

Сонымен қоса, ШЫҰ Солтүстік-атланттық альянсқа қарсы болуы мүмкіндігі туралы пікір бар. Біздің пікірімізше, мұндай қарсыласу жақын болашақта мүмкін емес. Бұл Орталық Азия елдері ниетінің жоқ болуымен ғана емес, олар өзінің ішкі проблемаларына көңіл аудару керек және әлемдік проблемаларды шешуге деңгейі жеткен жоқ, сонымен қоса Ресей мен Қытай одағында көп қарама-қайшылықтарының болуында және олардың «Батысқа қарсы дос болуы» мүмкін емес [1, 73-74 б.].

Бүгін Орталық Азия әлемнің ең керемет аймақтарының бірі болып саналады, өйкені мұнда бірқатар институционалдық бірлестіктер қызмет атқарады, онда бұл аймақтың негізінде барлық мемлекеттері қатынасады. Біздің пікірімізше, бұл осы мемлекеттердің, яғни толығымен аймақтың ғана емес, сонымен қатар оның айналасындағы процестердің динамикасымен байланысты.

Орталық Азиядағы ірі аймақтық құрылымдарының бірі болып Шанхай ынтымақтастық ұйымы саналады (ШЫҰ). Оған мүше мемлекеттердің аумағы Евразия континентінің басты бөлігін алады – 30 млн кв. км-ден көп және оларға батыста Европаға және шығыста Азиялық-Тынық мұхит аймағына геостратегиялық шығуды қамтамасыз етеді. Сонымен қоса ШЫҰ елдерінде халықтың жалпы саны 1,455 млрд адамға (планетаның шамамен 25% халқы) жақын. Ал Ресей мен Қытайда Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүше мәртебесінің болуы бұл ұйымның

халықаралық және аймақтық қауіпсіздіктің маңызды мәселелерін шешуде саяси потенциалын қарқынды үлкейтеді [2, 146-147 б.].

Ұйым, КСРО ыдыраған кездегі ҚХР – мен шекара бойынша аумақтық мәселелерді шешу үшін механизм ретінде пайда болды. Осымен байланысты Қазақстанда, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан құрамындағы посткеңестік республикалардың бірлескен делегациясының шеңберінде ортақ шекаралар ауданында сенім шараларын қамтамасыз ету бойынша Қытаймен келіссөздерді жалғастыру шешімі қабылданды. 1992 жылы 8 қыркүйекте Минскіде мұндай бірлескен комиссияны құру туралы Протоколға қол қойылды. Осы протокол дипломатиялық ортада ШЫҰ құруға әкелген келіссөздердің басы деп саналады

ШЫҰ – алғашында «Шанхай бестігі» 1996 жылы ортақ шекарасы бар бес мемлекетпен, – Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстанмен әскери салада сенім шараларын нығайту үшін құрылған. Сол жылы, 26 сәуірде Шанхайда Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы арасында «Шекара ауданындағы әскери салада сенімді нығайту туралы» келісімге қол қойылды. Рәсімде Н. Назарбаев бес мемлекет басшылары жана ғана қол қойған шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту жөніндегі келісімге қол қойылуы Азия – Тынық мұхит аймағындағы осындай әскери-саяси деңгейдегі және географиялық ауқымдағы алғашқы құжат болып табылатынын мәлімдеді. Осындай бірігей келісімнің әрекет ету аясына орасан зор әскери әлеуетті өзара бақылау, ал кейіннен оны қысқарту көздаліп отыр. Осындай келісім Азия – Тынық мұхит аймағында және жалпы алғанда жер шарында бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдап, одан әрі нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз. Бұл келісім 5 мемлекеттің шекаралық зонасында қауіпсіздікті сақтауға, сонымен қатар Солтүстік Шығыс пен Орталық Азияның, Азия – Тынық мұхит аймағының кең аймақтарында бейбітшілік пен тұрақтылық үшін маңызды қадам болды. Сол кезеңде әскери қауіпсіздік пен шекараларды қорғау мәселесі қазіргі заманға лайық әскер құрмаған Орталық Азияның жас мемлекеттері үшін өте көкейкесті болды. Ресейде ТМД елдерімен жаңа шекараларды қорғауға мүмкіншілігі болмады. Ал Қытайда бұрынғы КСРО-ға аумақтық претензиялары болды, олар бұрын әскери конфликтіге әкелген болатын.

Азияда бұрыннан бері мемлекеттер арасында аумақтық келіспеушіліктер проблемасы бар, оның ішінде Қытайдың барлық көршілеріне аумақтық претензиялары бар. Шекаралық даулар мен конфликтілер конти-

нентте қауіпсіздік пен тұрақтылық үшін қауіп төндіреді, мемлекетаралық қатынастарда түсінбеушілік орнатады.

Осы келісім елдеріміздің арасындағы байланыстарды екі жақты да, көп жақты да дәйекті әрі жемісті дамыту үшін берік негіз қалап отыр.

Осы актінің бірегейлігін мынадан көруге болады: бес мемлекет ұзақ уақытқа созылған келіссөз барысында аса маңызды проблемаларды шешуге деген біртұтас тұжырымдамалық көзқарасқа келді. Бұл орайда, әскери саладағы сенім шаралары бойынша мәмілеге келу ерекше маңызды. Бес делегацияның барлық мүшелері мәселенің көптеген жақтарын келісуі кезінде кешенді көзқарас пен жоғары кәсіби қасиеттерін көрсетті. Ал бұл мәселелердің бәрі қорытынды құжатта толық көрініс тапты.

Президент Назарбаев келісімнің тағы бір маңызды басымдығын атап өтті.

Онда келісімдерді орындау процедурасына және өзара бақылауды жүзеге асыруға байланысты барлық мәселелер мен мерзімдер әбден айқын ескерілген. Мұның өзі осы құжатты барынша өкілетті етпек.

Сонымен, «Шанхай» бестігіне кіретін мемлекеттер басшыларының кездесуі аймақтық және жаһандық саясаттың айқын факторына айналды. Екі мүшесі (Ресей, Қытай) Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болып табылатын «Шанхай бестігінің» экономикалық және адами әлеуеті, қатысушылардың ұйым қызметіне жаңа өлшемдер тұрғысынан қарауы оның өміршеңдігіне кепіл болып, келешекте аймақтық ірі ұйымға айналатынын көрсетті.

Бір жылдан кейін, 1997 жылғы 24 сәуірде, бес елдің өкілдері Мәскеуде кездесіп, бесжақты «Шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімге» қол қойды. Тараптар шекараның екі жағы бойынша жүз километрлік аймақта өз әскерлерін едәуір қысқартуға міндеттенді. Осы аймақта тек шекара әскерлері қалдырылатын болды. Қандай да әскери жаттығулар жөнінде бес мемлекет бірін – бірі алдын ала хабардар етіп отыруға міндеттенді.

Қазақстан мен Қытайдың өзара қатынасына қаяу түсірген ядролық қауіпсіздік проблемасындағы ең өзекті мәселе – Алматыдан 700 километр қашықтықта орналасқан Лобнор полигонындағы ядролық сынақтар туралы мәселе еді. Лобнор полигоны 1964 жылы құрылды. Сол жылы 16 қазанда атом бомбасы атмосферада жарылды. 1967 жылы 17 маусымда қуаты 3 мегатонналық тұңғыш термоядролық жарылыс атмосферада жасалды. Салыстыру ретінде айтсақ, Семей полигонында қуаты бір мегатонналық жарылыс тек бір рет қана жасалған болатын.

Қытайда 1980-1996 жылдары арасында атмосферада қуаты бір мегатонналық екі бомба, үш мегатонналық бес бомба, қуаты төрт мегатонналық бір бомба жарылды.

1994 жылы 10 маусымда Қытайда ядролық қарудың жер астында сынақтан өткізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қытайдағы сынақ басқа ядролық державалар ядролық жарылыстарға мораторийді сақтап отырған жағдайда жасалғанын атап көрсетті. Мәлімдемеде ядролық қарудың бұл сынағы Қазақстанмен шекаралас ауданда жасалғандықтан және экология мен техногенді ортаға елеулі зардап тигізетіндіктен наразылық білдірмеуге болмайтыны айтылған. Республика Сыртқы істер министрлігі Семей және Лобнор полигондары проблемалары жөнінде біріккен сарапшылар тобын құру туралы Қазақстан жағының ұсынысын нақты талқылауға оралу қажет деп санады.

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминнің Қазақстанға 1996 жылғы шілде айындағы тұңғыш ресми сапары өзара қатынастар тарихының жаңа бетін ашты. Екі ел басшылары арасындағы келіссөз өзара жылылық, сенімділік және ашық жағдайда өтті.

Цзян Цзэминь: «Қытай мен Қазақстан басшылары екі елдің дәстүрлі достық қарым-қатынастарын дамытуға зор маңыз береді. Сонғы жылдары менің және Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арасында осы күнге дейін көп кездесулер болып өтті. Біздің арамызда қазірдің өзінде бірлескен саяси құжаттарда өз бейнесін тапқан және екі жақты қарым-қатынастарымыздың тұрақты дамуы үшін берік саяси және заңды ірге тасы болып отырған, екі жақты қарым-қатынастардың және ірі халықаралық проблемалардың үлкен тобы бойынша ортақ түсіністіктің бірқатарына қол жеткіздік», - деп атап көрсетті.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Алматыдағы жоғары деңгейдегі келіссөз қорытындысы бойынша бірлескен Декларацияға қол қойды. Онда екі ел: «Қазақстан, Қытай, Қырғыстан, Ресей және Тәжікстан арасындағы 1996 жылғы 26 сәуірде қол қойылған шекара ауданындағы әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімді жоғары бағалайды, осы келісімді жүзеге асыру жөніндегі пәрменді іс-шаралар қабылдауға және шекара ауданындағы әскери күштерді өзара қысқарту туралы келісімді жедел түрде әзірлеу үшін одан әрі қарай күш-жігер жұмсауға бел бұғаны туралы мәлімдейді», - деп көрсетілген.

Сонымен қатар онда екі жақты ынтымақтастықты кеңейтумен қатар Азияда

XXI ғасырда бірлесіп даму мәселелерін талқылау қажеттігі айтылды. ҚХР-дың Төрағасы тұңғыш рет Лобнордағы ядролық сынақтарға тиым салу шешімі туралы тарихи мәлімдеме жасады.

Сапар барысында Цзян Цзэминь Қазақстан Парламентінің екі палатасының бірлескен мәжілісіне қатысып, өз сөзінде Қазақстанның дос көршісі ретінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен бұл елде саяси тұрақтылық, ұлтаралық қатынастардағы келісім, экономикалық дамудың тез қарқыны, халықаралық аренадағы орнының өсуі бізді қуантады деп атап көрсетті.

Президент Назарбаев Қазақстан халқына 1996 жылғы қазан айындағы жолдауында бұл сапарға жоғары баға беріп, былай деді: «ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің таяуда Алматыға жасалған бірінші ресми сапары өзара тығыз іс-қимыл мен әріптестік деңгейіне жеткізілген бұдан былайғы ынтымақтастық сипатына ұзақ мерзімді ықпалын тигізеді. ҚХР-мен арадағы достық қарым-қатынастарды тереңдету біздің республикамыздың ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келеді. 1997 жылғы Мәскеудегі келісім 1996 жылы сәуірде қол қойылған шанхайлық құжатқа маңызды толықтыру болды.

ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің лидерімен кездесуі кезінде Қазақстанмен достық ынтымақтастықтың тұрақты және ұзақмерзімді қатынастарының дамуы қытайлық татукөршілік сыртқы саясатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынын байқады, ол, XXI ғасырға бағытталған жан-жақты ынтымақтастықтың достық қатынастары ортақ күштермен құрылсын деп тіледі [3, 17-18 б.].

1. Хамраев Ф. Шанхайская организация сотрудничества в формировании системы региональной и глобальной безопасности//Казахстан в глобальных процессах. – 2005. - №1. – 73-88 б.

2. Акмалов Ш. Шанхайская организация сотрудничества и проблемы региональной безопасности//Центральная Азия и Кавказ. – 2005. - №2(38). – 146-153 б.

3. Кушкумбаев С.К. Шанхайская организация сотрудничества: новая геополитическая конфигурация//Вестник КазНУ. Серия политология. – 2005. - №1(23). – 17-20 б.

\*\*\*

В статье анализируется сотрудничество государств в Центральной Азии и роли региональных институтов.

\*\*\*

The article analyzes the cooperation of States in Central Asia and the role of regional institutions.